



«Lender» Микроқаржы ұйымы ЖШС
қатысушыларының жалпы жиналысының 2024 жылғы
«4» маусымдағы № 5 хаттамасына № 1 қосымша

«Lender» Микроқаржы ұйымы» ЖШС
қатысушыларының жалпы жиналысының 2024 жылғы
«4» маусымдағы № 5 хаттамасымен
БЕКІТІЛДІ

**«Lender» Микроқаржы ұйымы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің
микрокредиттерді беру Ережелері**

Ақтөбе қ. 2024 ж.

«Lender» Микроқаржы ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (әрі қарай – «МҚҰ» немесе «Микроқаржы ұйымы») осы микрокредиттерді беру Ережелері (әрі қарай - Ережелер) Қазақстан Республикасының 2012 жылдың 26 қарашасындағы «Микроқаржы қызметі» Заңына (әрі қарай – Заң) сәйкес әзірленді және микроқаржы ұйымымен микрокредиттерді беру тәртібі мен жағдайларын, сондай-ақ, оларды өтеу және сыйақы төлеу, қарыз беруші мен қарыз алушының құқықтары мен міндеттерін, микрокредит беру құпиясының кепілдігі мәселелерін айқындайды.

МҚҰ микрокредиттер беру мерзімділік, қайтарымдылық және төлемділік жағдайларында жеке тұлғаларға, Қазақстан Республикасының резиденттеріне микрокредит беру туралы Шартқа (әрі қарай - Шарт) сәйкес, Заңда және Ережелерде айқындалған мөлшерде және тәртіппен, АҚШ долларының немесе өзге де шетел валютасының бағамына байланыстырмастан, тек қана Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында жүргізіледі. Осы Ереже МҚҰ мен оның қарыз алушыларының орындауы үшін міндетті болып табылады.

1. Жалпы ережелер

1.1. Ережелерде Заңмен көзделген ұғымдар, сондай-ақ, келесі ұғымдар қолданылады:

- 1) сауалнама – қарыз алушы туралы МҚҰ өтініш берген кезде оларға берілген мәліметтер;
- 2) банктік карта – өтініш берушіге/қарыз алушыға тиесілі, не Шартқа сәйкес қарыз алушыға микрокредит сомасы аударылатын микрокредит алу үшін өтініш беруші/қарыз алушы ашатын пластиктен жасалған төлем картасы;
- 3) МҚҰ/Микроқаржы ұйымы - «Lender» Микроқаржы ұйымы» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.
- 4) Қарыз алушы – МҚҰ-мен шарт жасасқан немесе микрокредит алу үшін өтініш берген (беруге ниеттенген) жеке немесе заңды тұлға;
- 5) микрокредит – МҚҰ қарыз алушыға шартта айқындалған мөлшерде, мерзімге және тәртіппен төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық жағдайларында Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен берілетін ақша.
- 6) арыз - қарыз алушының микрокредит алу үшін жазған арызы.

1.2. МҚҰ келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) жеке және (немесе) заңды тұлғаларға республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің жиырма мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде қамтамасыз етіле отырып, не қамтамасыз етілместен микрокредиттер беру;
- 2) Қазақстан Республикасының резиденттері мен резидент еместерінен қарыздар тарту (азаматтардан кәсіпкерлік қызмет ретінде қарыз түрінде ақша тартуды қоспағанда);
- 3) меншікті активтерді бағалы қағаздарға және өзге қаржы құралдарына инвестициялау;
- 4) микрокредиттер беру бойынша қызметке байланысты мәселелер бойынша кеңес беру қызметтерін көрсету;
- 5) меншікті мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру;
- 6) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
- 7) ақпарат тасымалдағыштардың кез келген түрінде микроқаржы ұйымдары қызметінің мәселелері бойынша арнайы әдебиетті өткізу;
- 8) төлем агенті мен төлем субагенті қызметін жүзеге асыру;
- 9) Қазақстан Республикасының резиденттері – сақтандыру ұйымдарының атынан және олардың тапсырмасы бойынша сақтандыру агенті ретінде сақтандыру шарттарын жасасу;
- 10) Қазақстан Республикасының заінамасына сәйкес электронды ақша жүйесінің агенті қызметін жүзеге асыру;
- 11) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдай отырып, тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқықтарын сатып алу;
- 12) форфейтингтік операциялар (форфеттеу): тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып алушының борыштық міндеттемесін сатушыға айналымсыз вексель сатып алу арқылы төлеу;

13) кешілдіктерді, кепілдемелерді және ақшалай түрде орындауды көздейтін өзге де міндеттемелерді беру .

2. Микрокредит беруге өтініш беру тәртібі және оны қарастыру тәртібі

2.1. Қарыз алушы МҚҰ белгілеген пішін бойынша микрокредит беруге өтінішті (әрі қарай - өтініш) толтырады және МҚҰ кредит менеджеріне/кеңес берушісіне береді, осылайшы Қарыз алушы микрокредит алуға өзінің ниетін растайды.

2.2. Микрокредит алуға ниет білдірген Қарыз алушы МҚҰ Қарыз алушының сауалнамасында көрсетілетін төменде көрсетілген дұрыс ақпаратты ұсынуы тиіс:

- 1) Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген қарыз алушының тегі, есімі, әкесінің есімі (бар болған жағдайда);
- 2) Қарыз алушының туған күні, жасы, туған жері;
- 3) Қарыз алушының тіркелген мекен жайы, Қарыз алушының нақты тұратын мекен жайы;
- 4) ұялы телефон, жұмыс телефоны (бар болған жағдайда) нөмірлері, үй телефоны (бар болған жағдайда);
- 5) Қарыз алушының электронды поштасының мекен жайы;
- 6) Қарыз алушының азаматтығы туралы мәліметтер;
- 7) Қарыз алушының жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, күні, берген орган атауы, сондай-ақ, оның әрекет ету мерзімі;
- 8) Қарыз алушының жеке сәйкестендіру нөмірі;
- 9) Қарыз алушының жұмыс орны және лауазымы туралы ақпарат;
- 10) Қарыз алушының отбасылық жағдайы;
- 11) Қарыз алушының балаларының саны;
- 12) Қарыз алушының жұбайы (бар болған жағдайда) туралы ақпарат;
- 13) Қарыз алушының байланысатын тұлғалары туралы ақпарат, оның байланысатын тұлғаларының телефон нөмірлері;
- 14) Қарыз алушының еңбек ақысының, өзге де табыстарының көлемі;
- 15) МҚҰ қарастыруы бойынша қарыз алушы туралы өзге де мәліметтер.

2.3. Қарыз алушы толтырылған деректердің түпнұсқалылығын растайды және микрокредит беруге өтінішке (әрі қарай - өтініш), қарыз алушының сауалнамасына, сондай-ақ, МҚҰ қалауы бойынша өтінішті қарастыру және микрокредит алу үшін қажетті өзге де өтініштер мен келісімдерге қол қояды.

2.4. МҚҰ Қарыз алушыға микрокредит берілгенге дейін:

- 1) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасына және ішкі құжаттарға сәйкес қарыз алушыны тиісінше тексеруді жүзеге асырады;
- 2) Қарыз алушыға танысу үшін Ережелерде ұсынады;
- 3) Микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер мен аударымдар туралы толық және дұрыс ақпарат береді;
- 4) Қарыз алушыға микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін әр түрлі әдістермен (сараланған төлемдер, аннуитеттік төлемдер әдісімен немесе Ережелерге сәйкес есептелген әдіспен) есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады;
- 5) Қарыз алушыны оның микрокредитті алумен байланысты құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етеді.
- 6) клиентке микрокредиттің параметрлері туралы (жылдық пайыздық сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы) хабарлайды.

2.5. Егер Қарыз алушы Қазақстан Республикасының 18 (он сегіз) жасқа толған азаматы болып табылса және ойын бизнесіне белсенді тартылған адамның белгісі болмаса, сондай-ақ жаңа қарыздарды ресімдеу үшін өзінің кредиттік есебіне қол жеткізуді шектеген адамдар тізімінен табылмаса, МҚҰ қарыз алушының өтінішін қарастырады.

2.6. Қарыз алушы өтінішке, сауалнамаға, сондай-ақ, МҚҰ қалауы бойынша талап етілетін өзге де келісім-өтініштерге қол қоя отырып, келесілерге келісім береді:

- 1) Қарыз алушының микроқаржы ұйымына ұсынылатын құжаттар мен мәліметтерде, оның ішінде биометриялық, электрондық, қағаз және кез келген өзге тасымалдағышта тіркелген дербес деректерін, сондай-ақ, оларда болашақта болатын өзгерістер мен толықтыруларды жинау, өңдеу, сақтау және тарату.
 - 2) Төлем қабілеттілігін және кредит қабілеттілігін анықтау мақсатында Қарыз алушы туралы МҚҰ хабарланатын кез келген ақпаратты тексеру;
 - 3) Қарыз алушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық тиісінше орындаған сәтке дейін МҚҰ барлық алынған дербес деректерін пайдалану;
 - 4) МҚҰ ақпараттық материалдарды, оның ішінде Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімдерінің басталғаны туралы материалдарды, жарнама материалдарын және Қарыз берушінің қызметтері мен акциялары туралы ақпаратты МҚҰ берілген Қарыз алушының кез келген байланыс деректерін пайдалана отырып, кез келген тәсілмен алу;
 - 5) МҚҰ «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ, «Бірінші кредиттік бюро» ЖШС ақпарат беру, сондай-ақ алу. Кредиттік бюроны таңдау құқығы тек МҚҰ ғана беріледі;
- Қарыз алушы қол қойылатын құжаттарда көрсетілген барлық мәліметтердің толық, дәл әрі шындық екендігін қуаттайды.

2.7. МҚҰ қарыз алушының өтінішін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарыз алушының өтінішіне сәйкес мөлшерде және мерзімге кредит беру туралы шешім қабылдайды не микрокредит беруден бас тарту туралы шешім қабылдайды не Қарыз алушыға микрокредит берудің сұратылған сомасын, мерзімін және өзге де жағдайларын тиісті шешім қабылдай отырып, өзгертуге құқылы.

2.8. Микрокредит беру туралы, сұратылған жағдайларды өзгерту немесе микрокредит беруден бас тарту туралы шешімді МҚҰ берілген ақпараттың және өтінішті қарастыру мен қарыз алушы туралы мәліметтерді тексеру нәтижесінде алынған деректердің, сондай-ақ, өтініш пен сауалнамада берілген кез келген қосымша ақпараттың негізінде қабылдайды.

2.9. МҚҰ клиентке Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасында көзделген негіздер бойынша, Қарыз алушының кредиттік есебінде микрокредиттер алудан ерікті түрде бас тартуды белгілеу туралы ақпарат болған жағдайда микрокредит беруден бас тартады.

2.10. МҚҰ келесі жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

- Қарыз алушының Ережелермен белгіленген жағдайларға сәйкес келмеуі;
- Өтініш берушінің ұсынған ақпараты шындық болмаса;
- Қарыз алушыда тиісті қаржы жылы республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық көрсеткіштің бес еселенген мөлшеріне тең немесе одан асатын мөлшерде күнтізбелік алпыс күннен асатын мерзімде кепілсіз банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша өтелмеген берешегінің бар болуы;
- Қарыз алушының кредиттік тарихы үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы мәліметтерді қамтиды;
- МҚҰ микрокредит мерзімінде қайтарылмайды деп пайымдауға негіз бар, өйткені ұсынылған ақпарат немесе тексеру барысында МҚҰ белгілі болған ақпарат қарыз алушының төлем қабілетсіздігін көрсетеді.

Микрокредит беру туралы шешім қабылдау мақсатында МҚҰ шешім қабылдау үшін қажетті өзге де құжаттар мен мәліметтерді скратуға құқылы, ал өтініш беруші оларды ұсынуға міндетті.

Өтінішті алу МҚҰ оны қарастыруды міндеттейді, бірақ шарт жасасуға міндеттемейді. МҚҰ өтініш берушіні қабылданған шешім туралы кез келген қолжетімді тәсілмен, оның ішінде, сауалнамада көрсетілген электрондық пошта арқылы хабардар етеді.

2.11. МҚҰ өтініш берушіге микрокредит беруден бас тарту себептері туралы хабарлауға міндетті емес, өйткені бұл факті өтініш берушінің кредиттік қабілеттілігін айқындау жөніндегі скорингтік модельге қатысты құпия ақпарат болып табылады.

3. Микрокредит беру туралы Шарт жасасу тәртібі

3.1. Жеке тұлғамен микрокредит беру туралы шарт жасасқанға дейін МҚҰ жеке тұлғаны микрокредит алу үшін жүгіну тәсіліне қарамастан жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), сондай-ақ микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етеді, сондай-ақ қарыз алушының осы шарт бойынша кредиттік досьесіне қоса берілетін, МҚҰ жүзеге асырған іс-шаралар тізбесін міндетті түрде белгілей отырып, Заңның 7-бабы 2-тармағының 4) және 5) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

3.2. Шарт Қазақстан Республикасы заңнамасының, оның ішінде микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібін, микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, рәсімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды белгілейтін уәкілетті органның Заңы мен нормативтік-құқықтық актісінің талаптарына сәйкес жасалады (әрі қарай – шарт жасасу тәртібі деп аталады).

Микроқаржы ұйымы микрокредиттерді қарыз алушы (өтініш беруші) мен МҚҰ арасында Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 389 бабына сәйкес қосылу талаптарында шарт жасасқаннан кейін береді:

- шарттың «Lender» Микроқаржы ұйымы ЖШС микрокредит беру туралы шарттың стандартты талаптары (қосылу шарты)» бөлігі (әрі қарай мәтін бойынша – Стандартты жағдайлар деп аталады) МҚҰ: www.lender.kz ресми интернет сайтында электронды түрде орналастырылған, ашық және қол жетімді жағдайда, қол қоюға жатпайды, бірақ Шарттың екі тарапымен танысуы және орындауы үшін міндетті болып табылады,

- шарттың «Микрокредит беру туралы шарт (қосылу туралы өтініш)» (әрі қарай мәтін бойынша – Қосылу туралы өтініш) бөлігіне Қарыз алушы және МҚҰ уәкілетті өкілі қағаз тасымалдағышта қол қояды.

Қарыз алушының Стандартты жағдайларды қабылдауы (Стандартты жағдайларға қосылу) Қарыз алушының Қарыз берушімен жасалатын қағаз тасымалдағыштағы Микрокредит беру туралы шартқа (қосылу туралы өтініш) қол қоюымен көрсетіледі.

Қосылу туралы өтініш пен Стандартты жағдайлар бірлесіп шарт деп аталады, бір бірінің ажырамас бөлшегі болып табылады және микрокредит беру туралы шарттың бірыңғай құқықтық құжатын білдіреді. Қосылу туралы өтініште және Стандартты жағдайларда қолданылатын «шарт» және «микрокредит беру туралы шарт» ұғымы МҚҰ құжаттарында қосылу туралы өтініштің мазмұнына да, Стандартты жағдайлардың мазмұнына да тең дәрежеде қатысты болады.

3.3. Шартта шарттардың тиісті түрі үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайлар, тараптардың келісімі бойынша белгіленген талаптар қамтылады, сондай-ақ, уәкілетті органның нормативтік-құқықтық актісінде белгіленген келесідей міндетті талаптар қамтылуы тиіс:

- 1) шарттың жалпы талаптары;
- 2) қарыз алушының құқықтары;
- 3) ұйымның құқықтары;
- 4) ұйымның міндеттері;
- 5) ұйым үшін шектеулер;
- 6) міндеттемелерді бұзғаны үшін тараптардың жауапкершілігі;
- 7) шарттың талаптарына өзгерістер енгізу тәртібі.

3.4. Сомасы жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес микрокредит беру туралы шартта шартты жасау тәртібімен белгіленген берешекті сотқа дейін реттеу тәртібі қамтылады.

3.5. Шарттың жалпы жағдайлары келесілерді қамтиды:

- 1) Шарт жасалған күн;
- 2) МҚҰ атауы мен қарыз алушы – жеке тұлғаның тегі, есімі және әкесінің тегі (бар болған жағдайда);

3) микрокредит сомасы, кредиттік желіні беру (ашу) туралы келісім үшін - микрокредиттің жалпы сомасы (микрокредит нысанасы), микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредитті пайдалану мақсаты туралы мәліметтер (бар болған жағдайда), бұл ретте микрокредиттің толық құны (микрокредит бойынша артық төлем сомасы, микрокредит нысанасы) туралы ақпарат шарттың бірінші бетінде көрсетіледі;

4) кредиттік желі беру (ашу) туралы келісім үшін микрокредитті өтеу мерзімі – шарттың жалпы мерзімі;

5) сыйақы мөлшерлемесінің жылдық пайызбен мөлшері немесе сыйақы мәні (Заңның 4 бабының 3-1 тармағында көрсетілген шарт жасалған жағдайда), сондай-ақ, шарт жасалған күнге Заңның 5 бабының 1 тармағына сәйкес есептелген жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің (микрокредиттің нақты құнының) мөлшері.

Заңның 4 бабының 3-1 бөлімінде көрсетілген Шартта қосымша сыйақының мәні және микрокредит бойынша артық төлемнің сомасы қамтылуы тиіс;

6) микрокредитті өтеу әдісі: бір мезгілде не бөліктермен, қолма – қол ақшамен-касса арқылы не электрондық терминалдар арқылы, қолма – қол ақшасыз тәсілмен-ұйымның банктік шотының деректемелерін көрсете отырып;

7) микрокредитті өтеу әдісі (аннуитетті, сараланған немесе микрокредиттер беру ережелеріне сәйкес өзге әдіс);

8) микрокредит бойынша бережақты өтеу кезектілігі;

9) негізгі борышты уақытылы өтемегені және сыйақыны уақытылы төлемегені үшін тұрақсыздық айыбын (айыпшұлды, өсімпұлды) есепке жазу тәртібі және оның мөлшері;

10) шарт бойынша қарыз алушымен міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету (бар болған жағдайда);

11) қарыз алушы шарт бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда ұйыммен қабылданатын шаралар;

12) шарттың әрекет ету мерзімі;

13) МҚҰ пошталық және электронды мекен жайы туралы ақпарат, сондай-ақ, оның ресми интернет-ресурсы туралы деректер;

14) қарыз алушы – жеке тұлғаның тіркелген жерінің және тұрғылықты жерінің мекенжайы, қарыз алушы – заңды тұлғаның тұрақты жұмыс істейтін органының тіркелген жерінің және орналасқан жерінің мекенжайы;

15) шарт бойынша МҚҰ құқығын (талап ету) үшінші тұлғаға берген кезде кредитордың шарт аясында Қарыз алушымен өзара қарым-қатынастарына Қазақстан Республикасының заңнамасында қойылатын талаптар мен шектеулер құқық берілген үшінші тұлғамен қарыз алушының құқықтық қатынастарына қолданылатынын көздейтін жағдай (талап).

3.6. Қарыз алушы Шарт жасасу үшін МҚҰ қолданыстағы заңнама мен МҚҰ ішкі құжаттарына сәйкес құжаттар мен мәліметтерді береді.

3.7. Микрокредит беру туралы Шарт жасалғанға дейін МҚҰ арызданушыға танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін өтеу әдістерінің түрлі әдістерімен есептелген, өтеу кестелерінің жобаларын ұсынады.

Осы тармақшада белгіленген талаптар Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды;

3.8. Шартқа оның тараптарымен қол қойылған, шарт жасау Тәртібімен белгіленген пішін бойынша микрокредитті өтеу кестесі қоса тіркеледі.

Микрокредитті өтеу кестесінде тараптардың келісімен қосымша мәліметтер болуы мүмкін.

Микрокредитті өтеу микрокредит мерзімінің соңында біржолғы төлеммен жүзеге асырылатын жағдайда, осы тармақта белгіленген талаптар Заңның 4-бабының 3-1-тармағында көрсетілген микрокредит беру туралы шартқа қолданылмайды.

3.9. МҚҰ Қарыз алушымен жасасқан шарты бойынша ақпарат Қазақстан Республикасының кредиттік бюролары мен кредиттік тарихты қалыптастыру туралы заңнамасында белгіленген жағдайларда кредиттік бюроларға, оның ішінде мемлекеттің қатысуымен де беріледі.

4. Микрокредит берудің шекті сомалары, мерзімдері, берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасы

4.1. МҚҰ тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 20 000 (жиырма мың еселенген) мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.

4.2. Микрокредит берілетін ең ұзақ мерзім күнтізбелік 60 (алпыс) айды құрайды.

4.3. Микрокредиттердің сомасы мен мерзімдерінің лимиттері әрбір өнім бойынша жеке белгіленеді, бірақ осы Ережелерде белгіленген ең жоғары сома мен мерзімнен аспайды.

4.4. Микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамасы келесілерді құрайды:

- Шарт бойынша максимальды жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – берілген микрокредит сомасынан 56 (елу алты) пайыз.

Берілетін микрокредиттер бойынша Сыйақы Мөлшерлемелері МҚҰ дербес түрде әр микрокредит өнімі бойынша белгіленеді.

5. Берілген микрокредиттер бойынша сыйақы төлеу тәртібі және микрокредиттерді өтеу әдістері

5.1. Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін қарыз алушы Шартпен белгіленген көлемде және мерзімдерде сыйақы төлейді.

5.2. Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін есептелген сыйақыны төлеуі Шартта көрсетілген әдістермен «Lender» Микроқаржы ұйымы» ЖШС деректемелері бойынша екінші деңгейдегі банкте және т.б. ақша аудару арқылы) жүзеге асырылады.

5.3. Қарыз алушымен микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеу микрокредит беру туралы шартқа қоса тіркелетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

5.4. Қарыз алушы микрокредит сомасын айыппұл санкцияларын қолданбастан, шартта белгіленген қайтару мерзімі басталғанға дейін қайтаруға құқылы. Бұл жағдайда Қарыз алушы микрокредит сомасымен бір мезгілде ақша қаражатын пайдаланудың нақты мерзімін негізге ала отырып, МҚҰ сыйақы төлейді.

5.5. Шарт бойынша қарыз алушы жүргізген төлемнің сомасы, егер ол қарыз алушының міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса қарыз алушының берешегін келесі кезектілікте өтейді:

- негізгі қарыз бойынша берешек;

- сыйақы бойынша берешек;

- микрокредит беру туралы шартпен белгіленген көлемдегі тұрақсыздық төлемі (айыппұл, өсімақы);

- төлемдердің ағымдағы кезеңіндегі негізгі қарыз сомасы;

- төлемдердің ағымдағы кезеңінде есептелген сыйақы;

- МҚҰ орындауды алу бойынша шығындары.

5.6. Қарыз алушымен таңдалған микрокредитті өтеу әдісі Шартта көрсетілетін болады.

5.7. Микрокредит қарыз алушы таңдаған теу әдістерінің бірімен Шартқа қоса тіркелетін өтеу кестесіне сәйкес кезеңділікпен өтеледі:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитетті төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекшеленуі мүмкін;

- осы Ережелерге қоса тіркелген №1 Қосымшада көрсетілген есептеудің мысалына сәйкес есептелетін төлемдерді төлеудің қосымша әдісі;

- өтеудің жеңілдікті кезеңімен микрокредит беру кезінде, микрокредитті қайта құрылымдау кезінде қолданылатын өзге де әдіспен, яғни, микрокредит бойынша ай

сайынғы төлемнің мөлшері Қарыз алушының қаржылық мүмкіндіктеріне қарай айқындалатын әдіспен белгіленеді.

6. МҚҰ қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

6.1. Шарт бойынша Қарыз алушының міндеттемелерін орындау Қазақстан Республикасының заңнамасына қарама-қайшы келмейтін, және Шартпен белгіленген әдістермен қамтамасыз етіледі.

6.2. МҚҰ берілетін микрокредиттер бойынша қамтамасыз ету ретінде келесілер болады:

- 1) Көлік құралын кепілге алу;
- 2) Тұрғын емес жылжымайтын мүлікті (өндірістік, қойма, сауда, әкімшілік және өзге де тұрғын емес жайлар) кепілге алу;
- 3) Тұрғын үй түріндегі жылжымайтын мүлікті кепілге алу;
- 4) Жеке тұлғаның (тұлғалардың) кепілдігі.

6.3. 18 жасқа толған әрекетке қабілетті жеке тұлға және ҚР заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға микроқаржы ұйымы беретін микрокредиттер бойынша Кепіл беруші/Кепілгер болады.

6.4. Микрокредит бойынша қамтамасыз ету болып табылатын кепілсіз жылжымайтын мүлік келесідей талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) Кепіл берушінің мүлікке құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының бар болуы;
 - 2) Тәуелсіз бағалаушы орындаған, кепілге берілетін мүлікті бағалау туралы есептің бар болуы;
 - 3) Мүлік пен мүліктік құқықтар өтімділікке ие болуы тиіс;
 - 4) Мүлік және мүліктік құқықтар үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды талаптарынан бос болуға тиіс;
 - 5) Кепілге ұсынылатын мүлікке құқықтар осы мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс.
- Қажет болған жағдайда МҚҰ талап етуі бойынша Кепіл берушімен/Қарыз алушымен мүлікті сақтандыру жүргізіледі.

6.5. Микрокредит бойынша қамтамасыз ету болып табылатын көлік құралдары түріндегі кепілге қойылатын жылжымалы мүлік келесі талаптарға сәйкес болуы тиіс:

- 1) Кепіл берушінің мүлікке құқығын растайтын құжаттардың түпнұсқаларының бар болуы;
 - 2) Мүлік пен мүліктік құқықтар өтімділікке ие болуы тиіс;
 - 3) Мүлік және мүліктік құқықтар үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды талаптарынан бос болуға тиіс;
 - 4) Кепілге ұсынылатын мүлікке құқықтар осы мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдарда тіркелуі тиіс.
- Қажет болған жағдайда МҚҰ талап етуі бойынша Кепіл берушімен/Қарыз алушымен мүлікті сақтандыру жүргізіледі.

6.6. Қарыз алушы немесе өз мүлкін қарыз алушының міндеттемелерін қамтамасыз етуге беруге ниет білдірген үшінші тұлға Кепіл беруші болады. Егер Кепіл беруші мен Қарыз алушы әр түрлі тұлғалар болып табылған жағдайда, онда қамтамасыз ету ретінде Кепіл беруші ретінде әрекет ететін жеке тұлғаның/немесе заңды тұлғаның кепілдігі қосымша қабылданады.

6.7. МҚҰ кепіл құқығы мүлік кепілі туралы шарт негізінде туындайды және Қарыз алушы міндеттемелерді бұзған жағдайда МҚҰ кепілге салынған мүлік құнынан талаптарды қанағаттандыру құқығын береді. МҚҰ жасасатын мүлік кепілі туралы шарттарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндетті талаптардан өзге, Қарыз алушының міндеттемелері бұзылған жағдайда Кепіл ұстаушының кепіл нысанасын

соттан тыс өткізуге құқығы, оны пайдалануға жол берілетіндігі, тараптардың қайсысында кепілге салынған мүлік бар екендігі көрсетілуге тиіс.

6.8. Кепілгер МҚҰ қарастыруы бойынша бір немесе келесі бірнеше талаптарға бірден сәйкес болуы тиіс, атап айтқанда келесілер болуы керек:

- 18 жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтығына ие тұлға;
- Қазақстан Республикасынан шығуы уақытша шектелген тұлғалар (борышкерлер) тізімінде тұрмаған тұлға.
- соттылығы жоқ тұлғалар;
- өзіне қатысты берешекті өндіріп алу туралы қозғалған атқарушылық іс жүргізу болмаған тұлға;
- МҚҰ ол тұлғаға қатысты теріс ақпарат жоқ тұлға,
- тұрақты қаржылық жағдайы бар тұлға;
- кредиттік бюролардың деректеріне сәйкес міндеттемелер бойынша ағымдағы мерзімі өткен берешегі жоқ тұлға;

6.9. Егер өтініш беруші ұсынған Кепілгер(-лер) (кепілгерлердің бірі) МҚҰ белгілеген талаптарға сәйкес келмесе не егер Кепілгерлер (кепілгерлердің бірі) кепілдік шартын жасасу үшін қажетті барлық құжаттарды ұсынбаса, МҚҰ кепілдік шартын жасасудан бас тартуға құқылы.

7. МҚҰ және Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

7.1. МҚҰ құқылы:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес микрокредиттер ұсыну;
- 2) Заңның 9-1 бабының 4 және 5 бөлімдерінде көрсетілген тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап ету) беру;
- 3) Қарыз алушыдан (Өтініш берушіден) осы Ережелерде белгіленген шарт жасасу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажет болатын құжаттар мен мәліметтерді сұрату;
- 4) Қарыз алушының өтініші бойынша тауарларға, жұмыстарға немесе қызметтерге ақы төлеу мақсатында екінші деңгейдегі банктер арқылы микрокредитті үшінші тұлғаға аударуды жүзеге асыру.
- 5) Заңмен, Қазақстан Республикасының өзге заңдарымен және Шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

7.2. МҚҰ міндетті:

- 1) орналасқан жері өзгерген не атауы өзгерген жағдайда уәкілетті органға, сондай – ақ Қарыз алушыларды (Өтініш берушілерді) МҚҰ орналасқан жері бойынша, сондай – ақ Қарыз алушы (Өтініш беруші) - жеке тұлғаның заңды мекенжайы бойынша және Қарыз алушы (өтініш беруші) - заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша екі баспа басылымында қазақ және орыс тілдерінде тиісті ақпаратты жариялау арқылы не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) жазбаша түрде хабардар ету;
- 2) Ережелердің көшірмесін МҚҰ Қарыз алушысының (Өтініш берушінің) көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде МҚҰ интернет-ресурсында орналастырылсын;
- 3) Қарыз алушыға микрокредитті алу, қызмет көрсету және өтеуге (қайтару) байланысты төлемдер туралы толық та шындық ақпаратты ұсыну;
- 4) Өтініш берушіге микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін танысу және микрокредитті өтеу әдісін таңдау үшін әр түрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсыну. Қарыз алушыға міндетті түрде микроқаржы ұйымдары жеке тұлғаларға беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемесіне және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен мынадай өтеу әдістерімен ұсынылуға тиіс:

- сараланған төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақыны қамтитын азайтылып отыратын төлемдермен жүзеге асырылады;

- аннуитеттік төлемдер әдісі, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғайтылып отыратын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығы кезеңіне есептелген сыйақы бойынша азайтылып отыратын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқаларынан ерекше болуы мүмкін.

Микроқаржы ұйымы микрокредиттер беру ережелеріне сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің қосымша жобаларын ұсынуы мүмкін.

4) Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары және міндеттерінен хабардар ету;

5) қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес мәліметтерді хабарлауға;

6) микрокредит ұсыну құпиясын сақтау;

7) салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің түсуін қамтамасыз ету саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органмен келісім бойынша уәкілетті орган бекіткен ережелерге сәйкес берілген микрокредиттер бойынша активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеуді жүзеге асыру және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру;

8) уәкілетті орган белгілеген пруденциалдық нормативтерді және сақталуы міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, оларды есептеу әдістемесін сақтау;

9) уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген микроқаржы ұйымы қарыз алушысының борыштық жүктемесі коэффициентінің есептеу тәртібін және шекті мәнін сақтау;

10) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тізбесі, нысандары, мерзімдері мен ұсыну тәртібі уәкілетті органмен келісу бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерінде белгіленетін қаржылық және өзге де есептілікті ұсыну;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасының уәкілетті органмен анықталған бұзушылықтары жойылсын;

12) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген жағдайларда микрокредитті ұсынадан бас тарту;

13) Қазақстан Республикасының «Микроқаржы қызметі туралы» Заңмен белгіленген өзге де талаптарды сақтау.

7.3. МҚҰ үшін шектеулер келесілерге тыйым салуды көздейтін жағдайларды қамтиды:

1) сыйақы мөлшерлемесін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) және (немесе) микрокредитті өтеу тәсілі мен әдісін біржақты тәртіпте өзгертуге;

2) микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, Қарыз алушыдан кез келген төлемдерді белгілеу және өндіріп алуға;

3) микрокредитті мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін МҚҰ микрокредит сомасын, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және өзге де төлемдерді мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарған Қарыз алушыдан талап етуге;

4) шарт бойынша микрокредит сомасын ұлғайту;

5) егер негізгі берешекті және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс не мереке күніне түссе, тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) және негізгі берешекті және (немесе) сыйақыны төлеу одан кейінгі жұмыс күні жүргізілсе, айыппұл (айыппұл, өсімпұл) алу;

6) кез келген валпоталық баламаға байланыстыра отырып, теңгемен берілген микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер мен төлемдерді индекстеу;

7) борышкердің Шартта көрсетілген мекенжайына сәйкес нотариус қызметінің аумағы бойынша емес микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті өндіріп алу үшін нотариусқа атқарушылық жазба жасау туралы өтініш беру.

7.4. Қарыз алушы құқылы:

- 1) МҚҰ микрокредиттер беру бойынша Ережелерімен, тарифтарымен танысу;
- 2) микрокредитті алумен, қызмет көрсетумен және өтеумен (қайтарумен) байланысты төлемдер туралы толық және дұрыс ақпарат алу;
- 3) Шарт жасалғанға дейін Шарт жасаудан бас тарту;
- 4) алынған микрокредитке Шартпен белгіленген тәртіпте және жағдайларда әмірлік ету;
- 5) өз құқығын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте қорғау;
- 6) Шарт бойынша берілген микрокредит сомасын МҚҰ мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтару;
- 7) Заңның 9-1 бабының 4 және 5 бөлімдерінде көрсетілген тұлғамен келіспеушіліктерді реттеу үшін өзі жасаған шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға берген жағдайда банк омбудсманьына жүгінуге құқылы;
- 8) Заңмен және Шартпен белгіленген өзге құқықтарды жүзеге асыру.

7.5. Қарыз алушы міндетті:

- 1) алынған микрокредитті шартта белгіленген мерзімде және тәртіппен қайтару және ол бойынша сыйақы төлеу;
- 2) Заңға және Шартқа сәйкес МҚҰ сұратылатын құжаттар мен мәліметтерді беру;
- 3) Заңмен және МҚҰ жасалған Шарттармен белгіленген өзге міндеттерді орындау.

8. Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және реттеуге беру немесе құқықты (талаптарды) басқаға беру тәртібі

8.1. Коллекторлық агенттікпен осындай шарт жасасу жағдайларын қоспағанда, МҚҰ үшінші тұлғалармен нысанасы берешекті сотқа дейін өндіріп алу және реттеу, сондай-ақ қарыз алушының берешегіне байланысты ақпарат жинау жөнінде қызметтер көрсету болып табылатын шарт (әрі қарай - берешекті өндіріп алу туралы шарт) жасасуға тыйым салынады.

Берешекті сотқа дейін өндіріп алуға және коллекторлық агенттікке реттеуге беруге қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін өткізіп алуға жол берген кезде МҚҰ коллекторлық агенттікті тартуға құқығы шартта болған кезде жол беріледі.

8.2. МҚҰ берешегі тұрғын үй түріндегі кепілмен қамтамасыз етілген жеке тұлғаға қатысты коллекторлық агенттікпен берешекті өндіріп алу туралы шарт жасасуына жол берілмейді.

8.3. Берешек сотқа дейінгі өндіріп алуда және коллекторлық агенттікте реттеуде болған кезеңде МҚҰ құқығы жоқ:

- сотқа берешекті өндіру туралы талап арызбен жүгінуге;
- берешек коллекторлық агенттікте жұмыста болған кезең үшін сыйақы төлеуді талап етуге, сондай-ақ, негізгі борышты және сыйақыны уақытылы өтемегені үшін көрсетілген кезеңге тұрақсыздық айыбын (айышпұлды, өсімақыны) есепке жатқызуға құқылы емес.

8.4. Жарғылық капиталдарындағы қатысу үлестерінің не орналастырылған акцияларының елу пайызынан астамы мемлекетке тиесілі ұйымдарға құқықты (талап етуді) беруді қоспағанда, келесі талаптардың бірі сақталған кезде МҚҰ жеке тұлғамен жасалған және тұрғын үй түрінде кепілмен қамтамасыз етілген микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықты (талап етуді) басқаға беруді жүргізуге тыйым салынады:

- құқықтарды (талаптарды) сатып алу осындай ұйымның Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген қызмет түрлерінің бірі болып табылады;
- құқықтарды (талаптарды) сатып алу Мемлекеттік және үкіметтік бағдарламалар немесе Мемлекеттік органдардың жеке тұлғаларды қолдау жөніндегі құқықтық актілері аясында жүзеге асырылады.

8.5. МҚҰ келесі тұлғаларға құқық (талап) беруді қоспағанда, үшінші тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша құқық (талап) беруді жүргізуге тыйым салынады:

- екінші деңгейдегі банкке;
- коллекторлық агенттікке;
- микроқаржы ұйымына;
- секьюритилендіру мәмілесі кезінде Қазақстан Республикасының жобалық қаржыландыру және секьюритилендіру туралы заңнамасына сәйкес құрылған арнайы қаржы компаниясы;
- МҚҰ қамтамасыз етілген облигацияларды шығару немесе қарыздарды алу кезінде шарт бойынша талап ету құқықтарын кепіл ұстаушы - заңды тұлғаға;
- жеке кәсіпкерлікті дамытудың арнайы қорына – микроқаржы ұйымдарында қаражатты шартты орналастыру арқылы жеке кәсіпкерлік субъектілерін қаржыландыру жөніндегі мәміле аясында жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша.
- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты жеке тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша немесе халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес құнсыздану белгілері анықталған заңды тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша, оның ішінде құқықты (талаптарды) алу немесе туындау (жасау) сәтінде құқыққа (талапқа) қатысты микрокредит беру туралы шарт бойынша - өзге тұлғаға;

Осы тармақтың бірінші бөлігінің сегізінші абзацында көрсетілген тұлға мынадай жағдайлардың бірінде микрокредит беру туралы шарт бойынша алынған құқықтарды (талаптарды) сервистік компанияға сенімгерлік басқаруға береді;

құқықтар (талаптар) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты жеке тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша алынды;

құқықтар (талаптар) берешек мөлшері басқаға беру күніне арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 16 500 еселенген мөлшерінен аспайтын заңды тұлғаға микрокредит беру туралы шарт бойынша алынды;

егер микрокредит беру туралы шарт бойынша құқықтары (талаптары) берілген адам Қазақстан Республикасының резиденті болып табылмаса.

Микрокредит беру туралы шарттар бойынша құқықтар (талаптар) мынадай талаптарды бір мезгілде орындаған кезде сервистік компанияға берілуі мүмкін:

- 1) коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталының, бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымының бас ұйымының меншікті капиталының мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген ең төменгі мәннен төмен емес мәнді құраса;
- 2) қызметті жүзеге асыру сәтінен бастап үш жыл ішінде:
 - банкке немесе банк холдингіне бас банктің күмәнді және үмітсіз активтерін сатып алатын банктің еншілес ұйымын құруға рұқсат беру;
 - коллекторлық агенттікті коллекторлық агенттіктер тізіліміне енгізу;
- 3) Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 211-1-бабында және 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген орындалмаған және (немесе) қолданыстағы қадағалау ден қою шараларын немесе уәкілетті орган қолданған шектеулі ықпал ету шараларын және әкімшілік құқық бұзушылықтар үшін әкімшілік жазаларды сервистік компаниялар тізіліміне енгізу күніне енгізудің болмауы;
- 4) Сервистік компанияның бірінші басшысында алынбаған немесе өтелмеген соттылықтың болмауы;
- 5) Сервистік компанияның уәкілетті орган белгілеген талаптарға сәйкес болуы.

